

<i>Ортаңғы топ.</i>	ЦИКЛОГРАММА				
<i>Апта нөмірі</i>	№8				
<i>Күндері</i>	18 - 22.10.2021				
<i>Өтпелі тақырыптың атауы</i>	Жыл құстары				
<i>Мекеменің атауы, тобы</i>	ЖШС «Дарын бөбекжай балабақшасы», ортаңғы топ «Еркетай»				
<i>Педагогтің аты-жөні</i>	Курманбаева Ж.К.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу.	Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру; балаларға жағымды орта туғызу; ата-аналармен "Неліктен балалар әртүрлі?" тақырыбында әңгімелесу; ата-аналардың мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру.				
Еңбекке баулу (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, тапсырмалар немесе кезекшілік)	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Үстел үстіне ыдыс-аяқтарды, нан салатын ыдысты, шыны-аяқтарды, шұңғыл табакты, майлық салатын ыдыстарды, тамақ ішу жабдықтарын: қасық, шанышқы, пышақты қойып шығу іскерліктерін дамыту.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Үйді өздігінен тазалай білуін, табиғат бұрышындағы мекендеушілерді күте білуге тәрбиелеу.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балаларды ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және эстетикалық түрде орналастыруға, шкафтарда тәртіпті сақтауға, шанды сүрту.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балаларды өсімдіктерді суару, жемсалғышты, астауды, көкөністерді жуу; астауға су құю және дайын жемді жемсалғышқа салу, балыққа жемді өлшеуішпен салуға үйрету.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балаларды сумен жұмыс жасағанда гигиеналық дағдыларды сақтауға үйрету: жеңдерінді түріндер, матаны сулап, құрғатындар, лас болған кезде шайындар. Сумен жұмыс кезінде еңбек дағдылары мен әдеттерін, ұқыптылығын дамыту.

Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары)	"Бұл қандай құс?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстарды суреттеуге үйрету және оларды ажырата білу.	"Тапсырманы орында" дидактикалық ойыны. Мақсаты: үлкен және аз заттарды ажыратуға жаттықтыру. Мазмұны: бір баланы ортаға шақырып, оң қолына үлкен ойыншықты, сол қолына кішкентай ойыншықты ал деп тапсырма береді. Ойын осылай жалғаса береді.	"Жалпы атауын ата" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балаларға заттарды жеке-жеке таныта келе, ен соңында заттардың жалпы атауын бір сөзбен атауға, тапқырлыққа, шапшаңдыққа баулу.	"Гүл дүкені" дидактикалық ойыны. Мақсаты: түстерді ажырата білу, тез атау, басқалардың арасынан қажетті гүлді табу қабілеттерін бекіту; балаларды өсімдіктердің түсі бойынша топтастыруға, әдемі гүлшоқтарын жасауға үйрету. Барысы: үстелде әртүрлі пішіндегі түрлі-түсті жапырақшалары тұрады. Балалар өздеріне ұнаған жапырақшаларын таңдап, олардың түсін атайды және таңдалған жапырақшаларға түсі бойынша және пішіні бойынша сәйкес келетін гүлді табады.	"Не қайда өседі?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балаларды табиғатта болып жатқан үрдістерді түсінуге үйрету; жер бетіндегі барлық тіршілік иелерінің өсімдік жамылғысының күйіне тәуелділігін көрсету. Барысы: педагог әртүрлі өсімдіктер мен бұталардың аттарын атайды, ал балалар сол жерде өсетіндерді ғана таңдайды. Егер олар өссе, балалар қолдарын шапалақтайды немесе бір жерге секіреді (кез келген қимылды таңдауға болады), егер болмаса, балалар үндемейді. Өсімдіктер: шие, алма, пальма, итмұрын, қарақат, өрік, таңқурай, апельсин, лимон, алмұрт, ананас және т.б.
Таңғы жаттығу	Кешенді жаттығулар "Топ, топ, добым" Топ, топ, добым домалақ, Топ, топ, добым домалақ, Қайда кеттің домалап Қайда кеттің домалап				

	Бір, екі деп екі ұрдым, Шатырға сен секірдің. Үш, төрт, бес деп үлгердім, Ішіне ендің гүлдердің. Алты, жеті дегенде. Жаттың шаршап еденде. Сегіз, тоғыз дегенде, Сайға сырғып жөнелдің. Топ, топ, добым домалақ, Қайда кеттің домалап.				
Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	"Ас тұрған жерде - ауру тұрмайды" мақал-мәтелін қайталап, уақытылы, әрі дұрыс тамақтанудың артықшылықтарын еске түсіру; дастарқан басында арқаларын көтеріп тік отыру керектігін ескерту; ас құралдарын дұрыс қолдануларын қадағалау; тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары.				
Ойындар, оқу қызметіне дайындық	ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары				
	"Артығын тап" дидактикалық ойыны. Мақсаты: әр мезгілдің белгілері туралы білімдерін, өз ойларын нақты жеткізе білу қабілеттерін нығайту; есту зейінін дамыту. Барысы: педагог мезгілді: "Күз" деп атайды. Содан кейін ол жыл мезгілдерінің белгілерін тізбектейді (құстар жылы жаққа қарай ұшады, ағаштарда жапырақтар сарғайады; үлпілдек ақ қар жауады). Балалар қосымша белгіні атайды және өз таңдауын түсіндіреді.	"Құс қайда?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: қыстайтын құстар мен қоныс аударатын құстарды тану, оларды дұрыс атай білу қабілеттерін қалыптастыру.	Шаттық шеңбері Мақсаты. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Кел достарым, келіндер, Қолдарыңды беріндер. Шаттық толы шеңберге, Қуанышпен еніңдер. Шақырамын сендерді, Жолдастарым кел бері, Толтырайық шаттыққа, Дөңгеленген шеңберді.	"Біздің жердің құстары" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балаларға біздің жердің қыстайтын және жыл құстары, олардың әдеттері, сыртқы түрі, қоректенуі, тіршілік ету ортасы туралы жалпылама түсінік қалыптастыру; құстарды сыртқы түріне қарай ажыратып, суреттерден таба білуге үйрету; туған жердің табиғатына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	"Жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырат" дидактикалық ойыны. Мақсаты: құстар туралы білімдерін толықтыру; жыл құстары мен қыстайтын құстарды бір-бірінен ажырату іскерліктерін жетілдіру. Барысы: балаларға жыл құстары және қыстайтын құстар бейнеленген суреттер ұсынылады. Магниттің көмегімен олар жыл құстарын магниттік тақтаның бір жағына, ал қыстайтын құстарды екінші жағына жапсырады.

Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ	Сөйлеуді дамыту "Ұшты-ұшты жаттығуы. Тілдің дыбыстық мәдениеті. [ш] дыбысы." Мақсаты. Балаларды [ш] дыбысының айтылу мәдениетіне үйрету; әңгімелесу, ойындар барысында жыл құстарының атауын атап, күз мезгілінде жылы жаққа ұшу құбылысы жөнінде мағлұматтар беру. <i>Сөздік жаттығу. "Есте не сақтадық?"</i>. Сурет салу "Көлде жүзген үйрек". Мақсаты. Балаларды көлде жүзіп жүрген үйректің айналасына қағаз бойымен көлденең созылған, бірнеше көк түсті ұзын толқынды жолақтарды салу амалымен таныстыру; жыл құстары жөнінде мағлұматтарды толықтыру. <i>Саусақ жаттығуы. «Балапан».</i> Дене шынықтыру "Секіреді торғай". Мақсаты. Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру;	Музыка "Торғай". Мақсаты. Балалардың әнді тыңдауда дыбыс ұзақтығы, тембрі туралы ұғымын қалыптастыру; дыбысты есту мен қабылдау қабілетін және зейінін дамыту; музыка әуенімен би қимылдарын үйлесімді орындауға дағдыландыру. <i>"Тоқылдақ" ойыны.</i> Математика негіздері "Ақ үйрек, сары үйрек". Мақсаты. Балалардың "зат біреу немесе көп" деген өлшем бірліктерін, сол және оң жақты, түстерді ажырату іскерліктерін жетілдіру, құстарды топтастыру, бөлу операцияларын пысықтау; есте сақтау, кеңістікте бағдарлау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын, ақыл-ойды дамыту. <i>Үстел басындағы дамыту жаттығуы. "Балапанды тауып алайық"..</i>	Орыс тілі "Осень золотая" Перелетные птицы. Цель. Учить понимать русскую речь, составлять простые сочетания слов, используя слово «осень», изменяя падежные окончания, учить называть птиц, выражать отношение к времени года с помощью проговаривания небольших четверостиший о природных явлениях, листопаде, дожде. <i>Упражнение "Давайте поздороваемся".</i> Дене шынықтыру "Екі аяқпен секіреміз". Мақсаты. Балаларды әртүрлі бағыттарда, жылдам және баяу қарқында жүгіру дағдысын қалыптастыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілеттерін жетілдіру; балаларды алға жылжи отырып, екі аяғымен секіруге үйрету. <i>"Құстар мен мысық" қимылды ойыны</i> Вариативты компонент Қатынас Ертегі әлемінде Тақырыбы:«Шалқан» ертегісін сахналау. Мақсаты: Ертегі туралы түсініктерін бекіте отырып сахналау. Кейіпкерлер атрибуттары арқылы – іс әрекеттерін, әсерлі көңіл-күйлерін білдіре отырып, сезімдерді көрсете білу, рөлдердің дұрыс орындалуын қадағалау. Қиялдарын, эстетикалық талғамдарын, техникалық дағдыларын қалыптастыру. Кейіпкерлердің жан дүниесін түсіне білуге, оны ашып көрсете білуге тәрбиелеу.	Жапсыру "Торғайды жаңбырдан жасырайық". Мақсаты. Балаларды қағаз бетіндегі дайын торғай пішіні үстіне бұлттан төмен қарай "аққан" тамшыларды жапсырып, жаңбырлы күні шатыр астында отырған торғай туралы сюжеттік аппликация үлгісін жасауға үйрету. <i>Саусақ жаттығуы.</i> Қоршаған ортамен танысу "Аспаз". Мақсаты. Балалардың аспаз еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту; аспаз еңбегі туралы түсінік бере отырып, аспаз құралдарының аталуын жатқа айтуға үйрету. <i>Дидактикалық ойын: "Тағам түрлерін</i>	Жаратылыстану "Қарлығаш". Мақсаты. Балаларды қарлығаштың сыртқы келбетімен таныстыра отырып, қарлығаш туралы түсініктерін кеңейту; қарлығаштың тіршілігін бақылау қабілетін қалыптастыру; жыл құстары туралы түсінік беру. Қарлығаш туралы көркем сөздер арқылы балалардың қабілеті мен зейінін, тілі мен ойлау қабілетін және тануға, білуге деген құштарлығын дамыту. <i>"Қандай құс?" дидактикалық ойыны</i> Дене шынықтыру "Торғай секілді секіреміз". Мақсаты. Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүру іскерліктерін жетілдіру; алға жылжи отырып, екі аяғымен секіру және допты аяқпен қайшылап ұстап,
---	---	--	--	---	---

	сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; алға жылжи отырып, екі аяғымен секіруге үйрету және допты аяқпен қайшылап ұстап, отырып-тұрып домалату дағдысын жетілдіру. "Торғай" қимылды ойыны.				отырып-тұрып домалату дағдыларын бекіту. "Допты қуып жетіңдер!" қимылды ойыны.
--	--	--	--	--	---

Серуен	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер. Қарғаны бақылау. Мақсаты: қарға туралы білімдерін кеңейту; құстардың өміріне деген қызығушылықтарын арттыру. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қоқыстарды жинау) Мақсаты: тазалық пен тәртіпке дағдыландыру; топпен жұмыс істеуге деген құштарлықты ояту. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қақпандар", "Лақтыру, ұстау". Мақсаты: педагог ұйымдастырған ойынды балалардың емін-еркін ойнауына ықпал ету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: аяқтың ұшымен жүру. Мақсаты: қол мен аяқтың үйлесімді қимылымен жүру қабілетін бекіту.	Сауысқанды бақылау. Мақсаты: балабақша алаңына келетін құстар туралы білімдерін кеңейту. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қоқысты белгілі жерге жинау). Мақсаты: қоқысты белгілі бір жерге жинау қабілетін дамыту; ересектерге көмектесуге деген ұмтылысты тәрбиелеу; сыпырушының құралдарын жеке қарастыру. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Құстар мен жаңбыр". Мақсаты: алаңда кеңістікті бағдарлау және әртүрлі бағытта жүгіруді үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, шеңбер бойымен жүгіріп, белгі бойынша тоқтауға үйрету.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер. Шыршаларды бақылау. Мақсаты: балалардың таныс ағаштарды бір немесе екі белгі бойынша табу қабілетін бекіту; шыршаның ерекшеліктерін және оның көмегімен оны басқа ағаштардан ажырату іскерліктерін дамыту. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ұсақ қоқыстарды жинау). Мақсаты: бірлесіп жұмыс жасау қабілетін қалыптастыру. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Бос орын". Мақсаты: шапшаңдықты, ептілікті дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Жалаушаға тезірек жет". Мақсаты: шеңбер бойымен сап түзей білу, төрт аяғымен жорғалай білу жаттығулары.	Ауа-райын бақылау. Мақсаты: өсімдіктер тіршілігінің маусымдық өзгерістері туралы білімдерін бекіту. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қоқысты ұжымдық түрде жинау). Мақсаты: бірлесіп жұмыс жасауды үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Кім алысқа лақтырады?" Мақсаты: қимылдарды үйлестіруді, лақтыруға күш беру қабілетін дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, көлбеу тақтада жүруді үйрету.	Иттерді бақылау. Мақсаты: үй жануарына күтім жасау қажеттілігін тәрбиелеу. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (бүршіктерді жинау). Мақсаты: қарапайым тапсырмаларды орындауға ынталандыру. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Сабалақ ит". Мақсаты: мәтінге сәйкес қозғалуды үйрету, қозғалыс бағытын тез өзгерту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қысқа және ұзақ жолмен жүру.
Серуеннен оралу	Балалардың бас киімін, шалбарын, түймелері ағытылған жейдесін, бәтеңкесін белгілі ретпен шешуі; киімдерін жүйелі шешуге дағдыландыру; киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыру; қолдарын жуу.				

Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу;				
Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары	"Мейірімді мысық" (белді бүгіп, басты жоғары көтеру). Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.				
Бесін ас (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Ойындар, жеке-дара іс-әрекет (сюжетті-рөлді, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары).	"Құстарды сұлбасы бойынша таны" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балалардың қыстайтын және жыл құстары туралы білімдерін бекітуге үлес қосу, сұлбасы бойынша құстарды тани білуге машықтандыру. Барысы: балаларға құстардың сұлбасы ұсынылады. Балалар құстарды анықтап, оларды жыл құстары немесе қыстайтын құс деп атайды.	"Кім не жейді?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: құстардың қоректенуі туралы балалардың білімдерін бекіту; қыстайтын және жыл құстарының айырмашылығы туралы білімдерін бекіту; есте сақтауды, зейінді, сөйлеуді дамыту; қыстайтын және жыл құстары туралы түсініктерін кеңейту. Барысы: екі шеңберде әртүрлі тамақ түрлері: тары, дәнгер, нан үгіндісі, итмұрын, жидек, қоңыз, құрт, алма суреттері тұрады. Балалардың міндеті - қыстайтын және жыл құстарына азық-түлік бөлу.	"Не жетіспейді?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: қызығушылыққа, жанашырлыққа тәрбиелеу; сөйлеуді дамыту. Барысы: балаларға құстарға не жетіспейтінін айту керек.	"Дәрігер ойыншықтары" сюжетті-рөлді ойыны. Мақсаты: балаларды науқастарға күтім жасауға және медициналық құралдарды қолдануға үйрету, балаларды зейінділікке, сезімталдыққа тәрбиелеу, сөздік қорын кеңейту: "аурухана", "науқас", "емдеу", "дәрі-дәрмек", "аурухана" ұғымдарын енгізу.	"Серуендеуге барайық" сюжетті-рөлді ойыны. Мақсаты: балаларда әр мезгілге арналған киімдерді таңдау қабілеттерін дамыту, киім элементтерін дұрыс атауға үйрету, "киім", "аяқ киім" туралы жалпыланған ұғымдарды бекіту, өзгелерге деген қамқорлық қатынасты тәрбиелеу.

Серуенге дайындық (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.
Серуен	Серуенге деген қызығушылықтарын ояту. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Допты домалат", "Құрсауды дөңгелет" (3-4 рет ойнатылады).				
Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу	Жаңылтпаштар айтқызу. Атам бақ аралады, Ағам тал аралады. Асан көл жағалады, Асыл ат тағалады. Шырағым шұбат іш, Шұбатты сұрап іш. Шұбатты ішпесең, Бітпейді бұла күш.	Жұмбақтардың шешімін табу. Мақсаты.Құстарға байланысты жұмбақтар жасыру, балалардың ойлау қабілетін дамыту.	Артикуляциялық жаттығулар. Мақсаты. Артикуляциялық жаттығу арқылы баланың сөйлеуін, тілін, дыбысты дұрыс дыбыстауын дамыту.	Жаңылтпаштар айтқызу. Қулық таудан, Қулық бие көрдім. Қуанғаным, құлындапты, Қулық таудың Қойнауындағы Қорқауларға ұрынбапты. Сырттағы ит үрді, Сырттан кісі кірді. Сырттағы біреу, Сыпырып кетті кірді.	Бала тілін дамыту. "Сауысқан" (ел аузынан) Ала қанат сауысқан, Жауыр атқа жабысқан. Ойда жауыр көрінсе, Ойбайлатқан сауысқан. Қырда жауыр көрінсе, Қиқандатқан сауысқан.
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	"Отбасымен серуендеу" атты тақырыбында көрме ұйымдастыру.	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру.	Ата-аналарға тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайы туралы ақпарат беру.	"Музыка және балалардың психикалық денсаулығы" тақырыбында әңгімелесу, кеңестер беру.	"Баланың жүйке жүйесін қорғаңыз" тақырыбында әңгімелесу.